



**«ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ:  
ПРОБЛЕМАЛАР, МҮМКІНДІКТЕР ЖӘНЕ  
ДАМУ БОЛАШАҒЫ» атты**

**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
Тараз, Қазақстан, 13-14 мамыр 2016 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно - практической конференции  
«СОВРЕМЕННАЯ ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ:  
ПРОБЛЕМЫ, ВОЗМОЖНОСТИ И  
ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»  
Тараз, Казахстан, 13-14 мая, 2016 года**

**PROCEEDINGS**

**of the international scientific -practical conference  
«MODERN PEDAGOGY AND EDUCATION:  
PROBLEMS, POSSIBILITIES AND  
PERSPECTIVE DEVELOPMENT»  
Taraz, Kazakhstan, on May 13-14, 2016**

“Кыргыз этнопедагогикасынын” нормативдик курсу Кыргызстандын бардык окуу жайларында окутулбаса да ага байланыштуу оптималдуу тажрыйба түзүү аракети кыйла активдешкен. Ошону менен бирдикте бүгүнкү күндө илимий билим катары кыргыз этнопедагогикасынын баардык компоненттеринин калыптанышы жөнүндө айтууга болбойт, бул үчүн көп убакыт жана көптөгөн ар түрдүү илимий изилдөөлөр талап кылынат.

Бирок, Гершунский адилет белгилегендей “...илимдин тигил же бул компоненттеринин толук иштелип чыкпашы, али бул илимдин объективдүү мүмкүнчүлүктөрүн танууну билдирбейт”, – деген пикирине кошулбай коюуга болбойт. [7, с. 311]. Тигил же бул илимдин качан системага келтирилишин же такталышын абсолюттуу анык жана толук болушун эч ким так айта албайт. Түпкүлүгүндө мындай критерийлер жок жана болушу да мүмкүн эмес, андыктан илимий билимдердин системасы – бул дайыма ачык, өнүгүшүнүн чегин эч ким айта албаган кубулуш.

Дисциплинанын мазмунун ийгиликтүү ишке ашыруу аудиториялык шарттарда түзүлгөн белгилүү бир кесиптик кырдаалдарды моделдөөчү окутуу методдор аркылуу жүзөгө ашмакчы.

“Кыргыз этнопедагогикасы” курсунун тагдыры, келечеги – аны окуткан окуучунун колунда. Ал этнопедагогикалык ой жүгүртүүсү кеңири, улуттук каада-салт, үрп-адат, расым-жөрөлгөлөрдүн элдик педагогиканын көөнөрбөс үлгүлөрүнүн насыят-осуюттарынын түпкү маңызын терең түшүнгөн жана бул багытта илимий иликтөө жүргүзүүгө жөндөмдүү, дасыккан педагогдордон болууга тийиш.

#### Адабияттар:

- Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ. сред. и высш. пед.учеб. заведений. –2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 176 с.
- Алимбеков А. Кыргыз этнопедагогикасы: Окуу куралы. – Б.: КББИ, 1996. – 80 б.
- Алимбеков А. Болочок мугалимдерди этнопедагогикалык жактан даярдоо концепциясынын негизги жоболору // Эл агартуу. – Б., 2009. – №3-4. 48-57-бб.
- Братусь Б.С. Нравственное сознание личности. Психологическое исследование. – М.: Знание, 1985. – 149 с.
- Ушинский К.Д. О нравственном элементе в русском воспитании. // Собр. Соч., Т. 2. – М., Л.: Изд-во АПН РСФСР, 1949. – С.425 – 489.
- Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (в поисках практико-ориентированных образовательных концепций). – М.: Совершенство, 1998. – 608 с.



ЭОЖ 021:37.013

### КІТАПХАНА ПЕДАГОГИКАСЫ

Мүналбаева Ү.Д.

ҚР Ұлттық академиялық кітапхана, Қазақстан, Астана қ.

Кітапхана – ежелден-ақ адамзат ақыл-ойының мәңгілік тұрағы.

Адамзат өркениетінің дамуына қатысты мәліметтердің өзі баспа және жазба деректерден алынғаны аян. Археологиялық мәліметтерге сүйенсек, I мыңжылдықтан біздің дәуірімізге дейін жазу және оқу дағдыларын тек сақ тайпалары ғана меңгерген екен. I мыңжылдықтың екінші жартысынан біздің дәуірімізге дейін қазақ даласына орхон-енисей жазбалары жеткізілді. Осылай, оқу мәдениеті тарихтың күретамырындай тереңге бойлап, біздің өркениетіміздің негізін құрады және бүгінгі күні келешек ұрпақты білім нәрімен сусындататын басты құралға айналды.

Ежелгі Бұхара, Самарқанд, Тараз, Отырар және басқа да қалаларда мектеп-медреселер, кітап дүкендері, кітапханалар болған. Сонау орта ғасырлардағы ірі кітапханалардың бірі – Отырар кітапханасы, аңыз бойынша, ұлы ғалым, философ, ақын, Аристотельдің ізбасары, Авиценнаның мұғалімі Әбу Насыр әл-Фараби кітапхананың негізін қалаған. Анығында, аты әлемге әйгілі ойшылдардың, ғалымдардың өзі кітапханадан тәрбиеленіп өсті.

XIX ғасырдың басында Қазақстанда гимназиялар мен уездік училищелер жанынан оқушылар кітапханасы желісі құрылған еді. Бұл кітапханалардың барлығы да оқырмандардың ортақ сұраныстарын қанағаттандырып, идеологиялық жұмыстар жүргізуге және ғылыми-техникалық жетістіктерді насихаттауға тартылды.

Нақ сол кезеңде Қазақстанның ірі қалаларында тарихи-өлкетану және ғылыми-жаратылыстану үйірмелері, сан алуан қауымдастықтар мен мәдени-ағарту мекемелері пайда бола бастады. Мектептер мен сол мектептер жанындағы кітапханалардың пайда болуы ағарту ісінде ерекше мән-мағынаға ие болды. Мұндай мектептің негізі тұңғыш рет 1874 жылы Шымкент қаласында қаланды.

Қазақстандағы мектептер мен училищелер жанынан кітапханалар құруда ағартушы-педагог, жазушы Ы. Алтынсариннің еңбегі зор. Мектеп кітапханаларының негізін қалаушы ретінде Ы. Алтынсариннің белсенді қоғамдық қызметі педагогикалық жұмыстарымен қатар күш алды. Ы. Алтынсарин орыс ақын-жазушыларының шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті, сол еңбектер орыс-қазақ мектептеріне арналған оқу құралдары ретінде мектеп кітапханаларының кітап қорларының басым бөлігін құрады.

Бұдан бөлек, балалар кітапханасын әрі қарай толымдау жұмыстары да Ы. Алтынсарин есімімен байланысып жатыр. Кітапханаларға кітаптар Петербург, Мәскеу, Орынбор қалаларындағы кітап сатушылардан алынды.

Қазақстандағы төңкеріске дейінгі көне кітапхананың бірі – 1871 жылы іргесі қаланған Оралдағы әскери ұйым жанындағы әскери көпшілік кітапхана. Сондай-ақ Қазақстандағы төңкеріске дейінгі кезеңдегі көрсетілген қызметіне қарай үлкен әрі барынша маңыздылардың бірі – Облыстық Статистика Комитетінің тікелей жетекшілігімен 1883 жылы ашылған Семипалатинск қоғамдық кітапханасы.

Кітапхананың белсенді оқырмандары қатарында қазақ халқының ұлы ағартушы ақыны Абай Құнанбаев та болғанын ескеруіміз қажет.

Кітапхана ісі Семипалатинск облысындағы уездік қалаларда да ойдағыдай дами бастады. Сонымен қатар, 1838 жылы Өскемендегі қалалық үш классты училище жанынан қоғамдық кітапхана есік ашты, 1892 жылы Қарқаралы қаласында, 1896 жылы Зайсан қаласында да қоғамдық кітапхана құрылды. 1899 жылы екі халықтық кітапхана-оқу залы – Зайсан уезіндегі Көкпекті селосында, екіншісі – Өскемен уезіндегі Михайло-Архангельский кентінде ашылды. Кітапханалар мектеп ғимаратында орналастырылды, өйткені кітапханаға балаларды қатыстыру мүмкіндігі ұйғарылды.

Кітапхана ісі Қазақстанның басқа облыстары мен қалаларында да дами түсті. Айталық, Торғай облысында, Жетісуда, Петропавлда және Түркістанда. Жетісу кітапханаларының ерекшелігі, оның орталығы Верный қаласы болды, конфессиялық сипаттағы оқу орындары арқылы ағарту зайырлы біліммен ұштастырылды. Жыл сайын бұл кітапханалар қоры жылдам қарқынмен толықтырылып тұрды.

1884-1885 жылдары Верный қаласында қоғамдық кітапхана бой көтерді.

XVII ғасырдың басында Қарнақ біраз уақыт қазақ ханы Тұрсынның резиденциясы, ал XVII-XVIII ғасырларда Түркістан қаласы Қазақ хандығының орталығы болғанын ескеруіміз керек. Осы ордада Жәңгір, Тәуке, Әбілқайыр және Абылай хандар биліктерін жүргізді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанында да, Қарнақта да кітапханаға жауапты тұлғалар болды. Олар оқумен, жазбамен айналысатын қаламгерлер болатын. Бұларға кітапханашылар да кірістірілді. Олар кітап жеткізу, кітаптарды қабылдау, сақтау және реставрациялау жұмыстарын қадағалауға тиіс еді.

1880 жылдары Ресей империясы Оңтүстік Қазақстанды жаулап алғаннан кейін қаланың қоғамдық өмірінде маңызды оқиғалар орын алды. 1884 жылы ересектерге арналған кешкі курстар жұмыс істей бастады. Жергілікті тұрғындар білімнің қажеттілігін сезінді. Сол жылы Түркістандағы екі класстық қалалық училищеде қалаға шалғайдан келген балаларға арналған интернат ашылды. 1886 жылы қалада орыс-қазақ училищесі ашылды.

Мұның бәрі баспа өнімдеріне деген зәруліктің туғанын көрсетеді. Мектептердегі, медреселердегі, қалалық училищедегі оқу процесі оқу құралдарынсың, оқытушылардың жеке кітаптарынсың, оқу орнының кішігірім кітапханаларынсың мүмкін емес болатын.

Сонымен, 1914 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық мәліметке сәйкес, Қазақстанның барлық аймағында жалпы кітап қоры 98 мың томнан тұратын 139 кітапхана болды. Бұл қатарға ведомстволық қатыстылығына қарамастан, көпшілік үлгідегі жалпыға бірдей қолжетімді кітапханалар енгізілді. Барлық әдебиеттердің жартысынан көбі – 50300 том 44 қалалық кітапхананың үлесіне тиісті болса, 47700 кітап қана ауыл кітапханаларынан табылды. Мұнда да ұлы ұстаз Ыбырайдың тікелей еңбегі жатыр!

1929 жылғы жазда бүкіл еліміз бойынша, сол қатарда Қазақстанда да «кітапханалық керуен» ұйымдастырылды, мұндағы мақсат – кітапхана желісін ұлғайтып, оны нағайта түсу. Соның нәтижесінде Республикамызда 100 көпшілік кітапхана ашылып, еліміздегі кітап қоры 146 000 томға өсті.

Соғыстан кейінгі жылдары еліміздің алдында балаларға арнайы кітапханалар құру туралы мәселе қойылды. Балалар кітапханасы міндеттерінің ішінде балаларды тәрбиелеп, оқыту әрі білім беру қажеттігі айтылды.

XX ғасырдың 90 жылдарындағы посткеңестік кеңістіктің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер Қазақстандағы барлық әлеуметтік институттарды дамыту үшін жаңа тәсілдер талап етті. Бұл ретте мәдени және ақпараттық кеңістіктің маңызды бөлігі ретіндегі кітапхана ісі ешқашан жоққа шығарылған жоқ.

Кітапхананы қоғамға қажетті мәдени, білім беру әрі ақпараттық мекемеге айналдыру бойынша сындарлы жұмыстар жүргізілді. Негізінде, барлық жүйелер мен ведомстволардың кітапханалары тиімді делдал, білім беру саясатындағы жолсерік ретінде көрініп, әлеуметтік прогресстің, ұлттық бірліктің идеяларын іске асыруға септесті.

Кітапханалардың әлеуметтік рөлін ұғыну міндеті өзекті болып саналады, осы міндетті шешу көп жағдайда әлемдік мәдениет тағдырына және технократиялық болашақтағы қоғамның гуманистік негіздерін әрі қарай дамытуға байланысты болады. Бүгінгі әлемде қоғамдағы социомәдени және технологиялық өзгерістерге байланысты кітапханаларға деген қарым-қатынас та өзгеруде.

Бүгінде республикамыздағы түрлі ведомстволар мен жүйелерде барлығы 12 мыңнан аса кітапхана болса, 2005-2006 жылдар ағымында 107 жаңа кітапхана ашылды, соның ішінде 100-ге жуық кітапхана ауылдық жерлерге тиесілі. ЮНЕСКО Статистика Институтының мәліметтеріне сәйкес, халықтың жан басына шаққанда кітапханадағы кітаптар саны бойынша Қазақстан әлемде 41 орынды иелейді екен, яғни еліміздің 1000 тұрғынына 246 кітаптан келеді. 8,6 млн аса адам оқырман болып есептеледі. Сонымен бірге, ең көп кітапханалық желі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағында екен. Бұл ведомствоға 7400 мектеп кітапханасы мен 480 жоғары және орта оқу орындарының кітапханалары, 19 ғылыми-техникалық және академиялық кітапхана кіреді. Кітапханалар сан алуан ұйымдық-құқықтық құрылым мен меншік нысандарына ие. Ақпараттық қызметтер маркетингі де дамытылуда.

Ал республикалық кітапханалар ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне тікелей бағынады, аймақтық кітапханаларды дамыту бағдарламасы мен бюджеті жергілікті аумақтық басқарудағы басымдықтарға байланысты болып келеді.

ЮНЕСКО-ның «Көпшілік кітапханалар туралы» манифесінде атап көрсетілгендей, «...кітапхана дегеніміз, жеке тұлғалар, сондай-ақ жекелеген әлеуметтік топтардың өмір бойы үйренуін қамтамасыз ететін білімге жол бастаушы».

Кітапхана педагогикасы – бұл кітапхана ісінің педагогикалық негіздерін, оқу теориясы, оқу мәдениетіне тәрбиелеу мәселелерін, сондай-ақ оқырман мен кітапханашының өзара қарым-қатынасын зерделейтін пән. Кітапхана педагогикасы кітапханатану мен педагогика ғылымдарын ықпалдастыру негізінде қалыптасқан теориялық пән ретінде түсіндіріледі. Кітапханатану әрбір кезеңдерде мектептен тыс білім берудегі педагогиканың құрамдас бөлігі әрі педагогикамен байланысты ғылыми пән ретінде түсіндірілді.

Сонымен, кітапхана педагогикасы оқырмандармен кітапханалық-библиографиялық және ақпараттық жұмыс жасаудағы педагогикалық негіздерді зерделейді деп дәйекті түрде есептеледі және педагогика мен кітапханатану бойынша ғылым-білімнің синтезі ретінде көрініс алады. ...Ал кітап өскелең ұрпақты оқу мен тәрбиелеудегі маңызды құрал болып табылады. Кітапхана педагогикасының мақсаты – кітапханалық, библиографиялық дербестікке тәбиелеу, құжаттарға кірістірілген ақпараттарды қабылдап, оларды саралауға бейімдеу. Ресейде, мәселен, кітапханашылардың өз қызметтеріндегі педагогикалық аспектілерге деген мүддесі 2011 жылы ерекше күшейді, нақ сол кезеңде мектеп кітапханашыларына «педагог-кітапханашы» деген мәртебе берілген еді.

Мұражай, театр және отбасылық педагогика секілді кітапхана педагогикасы да – негізгі педагогиканың бір түрі және соған қарай ол заңдылықтарға бағынады. «Педагогика» түсінігі кітапхана педагогикасының сапалық бояуын қамти бермейді, бірақ бұл тұтас педагогикалық қызметтерге тән ерекшеліктерін, маңызды белгілерін көрсетеді, сондықтан жалпы түсінікке қарай қарастыру қажет.

Алайда қазіргі қоғамға қажетті болған сапалы білім берудің негізі оқуда екенін ғалымдардың басым бөлігі мойындады. Парақтап, «дауыстап» немесе экраннан оқуда туындаған жаңа талаптар оқушыны кітапханаға алып келеді, осылай кітапхананың педагогикалық процесстегі рөлін жандандырады. Оқуға ынталандыру сол оқушылардың ақпараттық мәдениетін жетілдірудің алғышартына айналады.

Нақ осы педагогтар балаларды қайырымдылыққа және адамгершілік рухта тәрбиелеуде үлкен роль атқарады. Нақ осы педагог – мәдениет пен баланың арасындағы жолбасшы. Балаға адами іс қылу идеясы Қайта өркендеу дәуірінен бастап классикалық педагогика арқылы өтіп келеді.

Кітапхананың адам баласын ізгілікке тартатын өзіндік ерекшелігі кітапханалық қарым-қатынастың қыр-сырында жатыр. Кітапханалардағы аса маңызды педагогикалық артықшылыққа оқырмандармен бейресми, еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жатады. Осындай қарым-қатынастың мән-маңызы кітапқа негізделуіне келіп тіреледі. Сөредегі үнсіз кітаптарға кітапханашының қолында тіл бітеді және ол кітапханаға келген адамды толғандырған мәселелер туралы сөйлейді. Жақсы кітап оқырманның ғажайып өмірге деген құлшынысын оятып, оған өзін адам ретінде сезіндіріп, өзі және айналасындағы адамдар туралы ойлануға жетелеп, дүниеге деген ізгілік қарым-қатынасын нығайтады да құпия түрде серттеседі.

Кітапханадағы ізгілік қарым-қатынасқа бір мезгілде педагогикалық, тәрбиелік негіздер, яғни бір буыннан кейінгі толқынға мәдениет тәжірибесін, ақыл-парасат пен құндылықтар жүйесін жеткізуі кірістірілген. Мұның әдебиет пен балаға ықпалы сабақтағыдан мүлдем басқа болып келеді. Кітапханашылар үшін әдебиет – бұл көркем бейнелердегі өмір көрінісі болса, ал бала – мәдениет мен қоғамдық қатынастар субъектісі. Ізгілік сезім мен жарқын ойларды оятатын әдебиеттің көмегімен кітапханашы баланы белгілі бір қоғамдық жағдайға бейімдеуге көмектесіп, оны адам санатына қосуға, жақсы жағына қарай өзгертуге талпыныс танытады.

Сонымен, кітапхана педагогикасын педагогика ғылымдарының саласы ретінде, педагогика ғылымдарының тең құқылы жиынтық компоненті ретінде, кітапханалық құралдардың көмегімен оқыту әрі тәрбиелеу туралы ғылым ретінде айқындағанымыз абзал. Кітапханадағы «жоғары адамгершілікке негізделген қарым-қатынас» балаларды тәрбиелеуге септеседі. Бұл ресми стандартталған, мектептік-дәрістік қарым-қатынастардан тым бөлек. Кітапханалық қарым-қатынастың ерекшелігі оның қолындағы кітабы арқылы жүзеге

асуында, ерікті түрде басталады және әрдайым жеке тұлғаға бағдарлануына қарай құрылады. Демек, кітапханалық гуманизм – бұл дүниетанымдық кешен, сондай-ақ кітапханаларды тұтастай алғанда ізгілендіру қызметі әрі тұлғааралық қарым-қатынас жасаудың мәдени орталығы ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік кешен.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ванеев А.В. Библиотечная педагогика // Библиотечная энциклопедия. – М.: Пашков дом, 2007. – с. 175–176
  2. Езова С.А. Библиотечное общение как феномен исследования: монография. – Либерея-Бибинформ, 2007
  3. Насырова А.Ә., Қосуақова З.Қ. Оқу орындары кітапханалары – педагогикалық қызмет ордасы// Кітапхана. – 2011. – №1. – с.5-7
  4. Соколов А.В. Библиотечный гуманизм и гуманистическая миссия библиотек в информационном обществе //Библиотечное дело. – 2011. – №17. – с.11
  5. Тихомирова И.И. Библиотечная педагогика : сущность и специфика// Библиотечное дело. – 2012. – №15(177) с.31-35
  6. Тихомирова И.И. Библиотечная педагогика или воспитание книгой. – СПб., Профессия. – 2011. – с.8

